

Бекітілді
№27 «Ақбота» б/б директоры
Кошкинова Г.М.
№1 педкөнес
26.08.2020 ж



**Ортаңғы «Еркемай» орыс тобының Коммуникация білім беру саласы бойынша
Қазақ тілі ұйымдастырылған оқу қызметінің
перспективалық жоспары.
2020-2021 о/ж**

«Коммуникация» білім беру саласының ортаңғы орыс тобының қазақ тілі ұйымдастырған оқу қызметінің перспективтік жоспары.

№	Өтпелі тақырыптар	Апта тақырыбы	ҰОҚ тақырыптары	Білім саласы	Сағат саны
				«Коммуникация»	
				Бөлім	
				Қазақ тілі	
				Мақсаты	
	Қыркүйек				
1	«Балабақша»	«Менің балабақшам»	«Балабақша»	Балаларды көпшілік ортаға бейімдеу. Балаларға балабақша туралы түсінік беру. <i>Балабақша, топ, үстел, орындық</i> сөздерін дұрыс айтуға, қойылған сұраққа жауап беруге үйрету. Тілдерін жетілдіріп, сөздік қорын молайту. Баланың зеректігін, ойлау қабілетін дамыту.Балабақшасын мақтан етуге баулу.	1
2		«Менің сүйікті ойыншықтарым»	«Менің сүйікті ойындарым және ойыншық-тарым»	Балаларды өздерінің сүйікті ойындары мен ойыншықтары туралы қысқаша әңгімелей беруге үйрету. Сөздік қорларын байыту, тіл мәдениетін жетілдіру, шағын тақпақтарды жаттап алуға, есте сақтау қабілетін дамытуға дағдыландыру, ұқыптылыққа, жинақылыққа тәрбиелеу.	1
3		«Біздің табиғат бұрышымыз»	«Табиғат бұрышындағы тіршілік (өсімдіктер мен жануарлар)»	Балаларға табиғат бұрышындағы жануарлар (балықтар, құстар, қоян), өсімдіктер туралы түсінік беру. Жануарлар мен өсімдіктердің келтіретін пайдасы және оларды қорғау жөніндегі білімдерін кеңейту. Табиғат бұрышындағы жануарлардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, оларға қамқорлық жасауға баулу.	1
4		«Балабақшадағы үлкендердің еңбегі»	«Балабақша қызметкерлері»	Балаларды балабақшадағы мамандық атауларымен, қызметкерлерімен таныстыру. Тіл мәдениетін жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Балабақша қызметкерлерінің еңбектеріне құрметпен қарауға үйрету.	1
	Қазан				
5	«Менің отбасым»	«Менің отбасым»	«Отбасы»	Тіл байлықтарын дамыту, <i>отбасы, әке,ана</i> сөздерін үйрену. Отбасы сүйіспеншілігі сыластығы туралы түсінік қалыптастыру. Отбасы мүшелерінің міндеттері мен өзара қарым – қатынасы жайлы әңгімелеу	1

				арқылы түсіндіру.	
6		«Менің көшем»	«Менің сүйікті қалам»	Балаларды өздерінің қалалары туралы әңгімелей білуге үйрету. Туып-өскен өңірлерінің табиғаты тұнып тұрған бай ел екендігі жайлы мағлұмат беріп, мақтаныш сезімін ұялату, сөздік қорларын молайту.	1
7		«Мамандықтың бәрі жақсы»	«Мамандық иелері»	Балаларға мамандық түрлерімен таныстыру. Шаштараз, аспаз, дәрігер, тігінші мамандарына керек заттарды ажырата білуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, сөйлеу қабілетін дамыту. Болашақта мамандық таңдауға қызығушылықтарын тудыру.	1
8		«Алтын күз»	«Күз –береке, күз-байлық»	Балаларды күз келбетін сипаттай білуге үйрету, табиғи құбылыстарын атай білуге дағдыландыру. Күзгі еңбек науқанының ерекшелігін түсіндіріп, еңбексүйгіштікке, адамгершілікке баулу.	1
	Қараша				
9	«Дені саудың жаны сау»	«Пайдалы көкөністер»	«Бақшаға біз барамыз, көкөністер аламыз »	Балаларға көкөністер, олардың өсетін жері туралы балалардың түсініктерін байыту. Сипап көріп көкөністі сипаттауды үйрету. Көкөніс сөзін жалпылама түрде қолдануды үйрету, байланыстыра сөйлеу және көріп есте сақтау қабілеттерін дамыту. Көкөністердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын, ерекшеліктерін ажырата білуге, топтастыруға және жүйелеу қабілеттерін арттыру.	1
10		«Жеміс бағы»	«Жеміс бағында»	Балалардың сөздік қор белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында жұмбақтар жасырып, ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру.	1
11		«Өзім туралы. Менің көмекшілерім»	«Өзім туралы білгім келеді»	Балаларға дене мүшелері және оның қызметі туралы түсінік беріп, дене жаттығуы мен спорттық дене мүшелеріне әсерін түсіндіру. Адам өз денсаулығын сақтау үшін өзін-өзі тану және оны күту керектігі туралы айту.	1
12		«Күн, ауа және су»	«Табиғи құбылыстар»	Балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер тіршілігі үшін ауаның, судың, күннің қаншалықты маңызы бар екенін түсіндіру. Таза су табиғаттың баға жетпес сыйы екенін айту.	1
	Желтоқсан				
13	«Менің Қазақстаным»	«Менің Отаным Қазақстан»	«Тәуелсіз Қазақстан»	Тақырып бойынша жаңа сөздермен таныстыру. Өз Отанын, қаласын, астананы дұрыс айтуға үйрету. Балаларды Отанды сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп, танымдық қызығушылықтарын арттыру. Балаларды отаншылдыққа, туған жерін сүйуге, мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, патриоттық рухта тәрбиелеу.	1

14		«Қазақстанның жануарлар әлемі»	«Қазақстандағыжануарлар әлеміне саяхат»	Қазақстанның жануарлар әлемі жөнінде білген-түйгендерін сұрап, қосымша түсініктер беру. Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық танытып, үнемі қорғап жүруге тәрбиелеу.	1
15		«Туған өлкенің өсімдіктері»	«Өсімдіктер қалай өседі?»	Балаларға өсімдіктер әлемі жайында түсінік беру. Бау – бақшада өсетін жеміс – жидектерге тоқталу, жылдың қай мезгілінде өсетінін балаларға түсіндіру. Табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру.	1
16		«Қыс сиқыры»	«Қыс сиқырының қызықтары»	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	1
Қаңтар					
17	«Бізді қоршаған әлем»	«Біз қалай киінеміз?» (киім, аяқ киімдер)	«Қуыршақ Әйгерімді киіндіру»	Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсінік беру. Қысқы киімдерді ажырата білуге үйрету. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу. Балалардың қыс белгілері туралы білімдерін бекіту. Киім кию реттігін есте ұстауға үйрету, эстетикалыққа тәрбиелеу.	1
18	«Бізді қоршаған әлем»	«Үйге бізге не керек?»	«Үй жиһаздары»	Үйдегі заттардың орналасу тәртібін біліп, үлкендерге көмектесіп, жиһаздарды жинастыруға, орын-орнына қоюға дағдыландыру. Жиһаздардың қазақша атауын білуге үйрету. Ұқыптылыққа, үлкеннің еңбегін бағалай білуге баулу.	1
19		«Қуыршақтың ыдыстары»	«Қуыршақ Айжанның ыдыстары»	Ыдыстар не үшін қажет екені туралы түсінік беру. Сөздік қорларын кеңейту, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын айтуды үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру.	1
20		«Көліктер»	«Көлік түрлері»	Балаларды көлік түрлерімен таныстыру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін толықтыру. Жолда жүрген кезде міндетті түрде ережені сақтауға тәрбиелеу.	1
Ақпан					
21	«Табиғат әлемі»	«Қыс қызықтары»	«Көңілді қыс»	Балаларға қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне тән ерекшеліктерін ажырата білуге, өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. Қысқы ойындарға қажетті құралдарды атау. Қыс мезгілінің сұлулығын тамашалай білуге, қоршаған ортамен танысу арқылы баланың ой – өрісін дамыту. Табиғатты аялауға, әсемдікті сезініп, көре білуге тәрбиелеу.	1
22		«Жабайы жануарлар»	«Хайуанттар бағында»	Әрбір аңның атын дұрыс атауға жаттықтыру және олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту. Жабайы аңдар туралы түсінік	1

				бере отырып, балалардың ой-өрісін, сөздік қорын дамыту, тіл мәдениетін жетілдіру. Аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, аңдарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	
23		«Қыс мезгіліндегі жануарлар тіршілігі»	«Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі»	Жабайы жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша толық сөйлем құрастырту, сұраққа жауап бере отырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарларға қамқорлық жасау керектігін ұғындыру.	1
24		«Құстар – біздің досымыз»	«Құстар әлеміне саяхат»	Балалардың құстар туралы түсінігін кеңейту, сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту, тақпақтар, мақал–мәтелдер, тілдерін дамыту. Балаларды адамгершілікке, табиғатты сүйуге, табиғатқа қамқор бола білуге тәрбиелеу.	1
	Наурыз				
25	«Салттар мен фольклор»	«Аналар мерекесі»	«Аналар күні»	Балаларға әлемнің жарығын сыйлаған аналар мерекесі туралы түсінік беру. Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру, үлкенге ізет, кішіге үлгі бола білуге үйрету. Балаларды мейірімділікке, сый – құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән жақсы қасиеттерді қалыптастыру.	1
26		«Әдептілік әліппесі»	«Әдептілік – адамгершілік бастауы»	Өңгімені тыңдай білуге үйрету, үлкен адамның айтқан нақыл сөздеріне көңіл бөлуге үйрету. Қазақтың мақал-мәтел еліндегі ұлағатты сөздерін меңгерту. Үлкенді сыйлауға, құрметтеуге, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1
27		«Біздің салт-дәстүріміз»	«Наурыз келді»	Наурыз мерекесінің басқа мерекелерден ерекшелігін түсіндіру. Мерекелік тілектер, дәстүрлер туралы түсінік беру. Балаларға кеңінен насихаттай отырып, ұлтжанды, мейірімді, халықтық дәстүрді дәріптеуге баулу. Сөздік қорларын молайту. Балаларды адамгершілікке, сыпайылыққа, бірін – бірі сыйлауға, көмектесуге, кешірімді болуға тәрбиелеу.	1
28		«Көңілді көктем»	«Көктем келбеті»	Балаларға көктемгі табиғат құбылыстары мен ерекшеліктері туралы түсінік беру, жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту. Тәрбиешінің сұрақтарына байланысты жауаптар қайтаруға үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, табиғатқа деген сезімдерін қалыптастыру.	1
	Сәуір				
29	«Табиғатты қорғап үйренейік»	«Аялайық гүлдерді»	«Гүлдер»	Балалар гүл атауларын дұрыс айтып, сөйлем құруға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Түр – түстерін ажыра білуге үйрету. Балалардың сөздік қорын молайтып, ой – өрісін, тілін, қиялын дамыту.	1
30		«Жәндіктер»	«Жәндік түрлері»	Жәндіктер туралы білімдерін кеңейту. Қазақ тілінде қалай аталатынын үйрету, берілген сөздер арқылы сөйлем құрату, сабақ мазмұнына сәйкес	1

				жұмбақ оқу. Жәндіктерді қорғауға тәрбиелеу.	
31		«Жайлауға қонаққа барамыз. Жануарларға қамқорлық»	«Жайлауға саяхат»	Балаларға көктем мезгілінің ерекшеліктерін атап, байланыстырып сөйлеу. Төрт түлік малды атап, төлдерін ажырату, санау. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
32		«Табиғатты аялайық»	«Табиғат әлеміне саяхат»	Балаларды сурет бойынша әңгімелеуге үйретуді жалғастыру. Сөздік қорларын молайту, тілдерін байыту. Табиғатты аялауға, бақтауға, күтуге тәрбиелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру.	1
	Мамыр				
33	«Әрқашан күн сөнбесін»	«Достық біздің тірегіміз»	«Достық мерекесі»	Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күн мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту.	1
34		«Ойнап білеміз» (тәжірибелік-эксперименталь-ды іс-әрекеті)	«Ойын ойнап, күлеміз!»	Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін, тапқырлығын арттыру. Баланың сөйлеу қабілетін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Шапшаңдыққа, алғырлыққа, тазалыққа баулу.	1
35		«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	«Қауіпсіздік ережелері»	Балаларға қауіпті заттармен, қауіпсіздік жағдайлармен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету. Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, балалардың өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.	1
36		«Қош келдің, Жаз!»	«Жайдары жаз»	Жаз айларының атауларын атау, олардың ерекшелігін ұғындыру. Жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, жаз байлығын, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету. Табиғатты аялауға, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1
Барлық сағат саны					36